

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы N 132 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 19, 370-құжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы; 1997 жылғы 11 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңы):

41-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады".

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат):

1) 5-баптың екінші азатжолында "тізілім" деген сөз "Мемлекеттік тіркелім" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6 - б а п т а :

бірінші бөлікте "сондай-ақ белгіленген үлгідегі статистикалық кәртішке рәсімделеді" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Бұл талап шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды";

сегізінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектілері өздерінің орналасқан жерін куәландыратын құжат табысы етпейді";

3) 7-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады";

4) 9-баптың бірінші бөлігі "күннен" деген сөзден кейін "ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Статистикалық есеп

Мемлекеттік статистика органдары мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің негізінде мемлекеттік тіркеу деректерін және заңды тұлға туралы өзге де қажетті мәліметтерді, оларға біріздендірілген теңдестіру және басқа да жүйелік-есептік кодтарын бере отырып, заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік статистикалық тіркеліміне енгізуге және статистикалық карточка беруге міндетті.

Есептік тіркеу деректерін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері туралы басқа да мәліметтерді Мемлекеттік статистикалық тіркелімге енгізу нақ сондай тәртіппен жүргізіледі".

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 14, 164-құжат):

21-баптың 1-тармағының бірінші азатжолындағы "ең төменгі айлық жалақының мөлшерінде" деген сөздер "есептік көрсеткіштің мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 17, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы):

1) 4-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамдарды қоспағанда, шаруашылық серіктестігінің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын шағын кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады";

2) 28-баптың 1-тармағы "жүз" деген сөзден кейін "ал шағын кәсіпкерлік

субъектілері үшін - елу" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 39 - б а п т а :

1-тармақ "мың" деген сөзден кейін "ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - жүз" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші азатжолы "жауапкершілігі" деген сөздің алдынан "шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

4) 53-баптың 1-тармағының екінші азатжолы "және тиісінше шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 13-баптың 1-тармағындағы, 28-баптың 1-тармағындағы, 39-баптың 1-тармағындағы, 57-баптың 1-тармағының екінші азатжолындағы "ең төменгі айлық жалақы" деген сөздер "есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Өндірістік кооператив туралы" 1995 жылғы 5 қазандағы N 2486 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы, 1995 ж., N 20, 119-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат):

4-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Өндірістік кооперативтің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын шағын кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті